

Сайыстың тақырыбы:

*Елімнің бақытын тербеткен-
Тәуелсіздік*



С а б а қ т ы ң м а қ с а т ы:

Оқушылардың Қазақстан туралы алған білімдерін, түрлі ойын әдіс - тәсілдерін қолдану арқылы бекіту. Оқушылардың сөздік қорларын, сөйлеу тілін, логикалық ойлау, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамыту. Отанға деген патриоттық сезімдерін ұялату.

Түрі: сайыс “Бәйге”



Сайыстың жоспары

1. Ұйымдастыру
2. Топқа бөлу
3. Сайыстың кезеңдері.

1кезең. Топтардың өз топтарын таныстыруы

2кезең. «Кім тапқыр?». Сұрақтарға жауап беру.

3кезең. «Ғажайып сандық» ойыны.

4кезең. «Сиқырлы хат». Мозайка құрастырып, сөйлем айту.

5кезең. Мәнерлеп оқу. Отан туралы өлең, тақпақ айту.

Таныстыру



1-топ. “Қыран”

Қуат – күшін арнаған сүйікті елге
Қыран болып, самғаймыз биіктерге.

Ұранымыз: Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

2-топ. “Тұлпар”

Тұлпарға тән адуын, еркін, екпін,
Бойымызда бәрі бар, кереметтің.

Ұранымыз: Елің сүйген – ер болар.

3-топ. “Сұңқар”



Талпынамыз, шыңдарға, асқарларға,
Талпынамыз табысқа кенелуге.

Ұранымыз: Ата қоныс – алтын мекен.

“Кім тапқыр?”

1. ҚР-ның мемлекеттік тілі
2. Қазақ хандығының неше жылдығы тойлануда?
3. «Кел, балалар оқылық» өлеңінің авторы кім?
4. ҚР ата заңы қашан қабылданды?
5. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ата
6. Әнұранның сөзін кім жазған?
7. ҚР-ң тұңғыш ғарышкері кім?
8. 1 желтоқсан қандай күн?
9. Абайдың неше қара сөзі бар?
10. ҚР-ның Тәуелсіздігі қай күн?
11. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы кім?
12. Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына неше жыл?

“Ғажайып сандық”



Сыйқырлы хат



Мәнерлеп оқу

Отан туралы өлең, тақпақ оқу.